КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

14 наурыз 2025 жылғы 6309-25-00-2/88 іс Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ибраева Н.Е.,
хатшылықта сот отырысының хатшысы Р.Нуракышеваның қатысуымен
ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ШҚО Зайсан ауданы «Зайсан қала әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Тусыпов Дулат Оралханович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРСЫ ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Дара кәсіпкер Тусыпов Дулат Оралханович

ҚАРСЫ ТАЛАП БОЙЫНША ЖАУАПКЕР
«ШҚО Зайсан ауданы «Зайсан қала әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ҚАРСЫ ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАПТАРЫ:
Орындалған жұмыстар актісіне қол қою және шығындарды өтеу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Хажумуханов А.
талап қоюшы өкілдері С.О.Бакбаев, Д.Н.Мухамадиева
жауапкер өкілдлері С.К.Рыспаев, Абылханова Д.С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

5 қазан 2024 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы «Зайсан қала әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-талап қоюшы) мен дара кәсіпкер Тусыпов Дулат Оралхановичтің (дұдан әрі – жауапкер/орындаушы) арасында №90 мемлекетік сатып-алу шарты жасалған. Шарттың жалпы соммасы 4 955 555 тенгені құрады.

Шарт негіздері бойынша жауапкерге техникалық ерекшеліктерге сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы «Зайсан қала әкімінің

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

аппараты» ММ «Зайсан қаласының көшелерін қардан тазалау, қар шығару, құм себу, жұмыстарын жүргізуге міндеттелген.

Талап қоюшы келісім шарт бойынша жауапкердің тарапынан өзіне жүктелген міндеттер бойынша тиісті шаралар атқарылмағанына сәйкес, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызымен сотқа жүгінді.

Талап қоюдың негізі ретінде келесі мән-жайларға сүйенді.

Зайсан қаласы бойынша 2024 жылдың 12,13,15, 18, 21, 22, 24 қараша күндері қар жауғанына байланысты жауапкерге қарды тазалау, және жолдың тайғақ болуына байланысты құм себу туралы хаттары жолданды. Бірақ жауапкер тарапынан өзіне жүктелген міндеттер бойынша ешқандай тиісті шаралар атқарылмады.

2024 жылғы 13 қарашадажолданған шығыс хатымен Зайсан аудандық полиция бөлімінен жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында шұғыл түрде жол-көшелерге тайғақты болдырмауына байланысты материалдар себу туралы өтінім түсті.

2024 жылдың 29 қарашасында Зайсан ауданының полиция бөлімінің хатында тайғақ салдарынан ауыл арасына қатынайтын автобус жол көлігі оқиғасына түсіп 3 (үш) азаматша дене жарақатын алғандығы туралы хат ақпарат көрсетілген.

Талап қоюшы жауапкердің келісім-шарт міндеттемелерін бұзғанына байланысты жағымсыз салдары болғанын негіз ретінде көрсетті.

Жауапкер өз тарапында қарсы талап арыз жолдады. Өз талап қоюында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы «Зайсан қала әкімінің аппараты» ММ-ің 2024 жылғы 29 қарашасында орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға мәжбүрлеуді және «Д.О. Түсіпов» дара кәсіпкердің пайдасына 1 200 000 теңге шығындарын, сонымен қатар төленген 12 000 теңге мемлекеттік бажды, өкіліне төленген 120 000 теңге шығындарын өндіруді сұрады.

Жауапкер талап арызға қарсы пікір жолдап, оны негізсіз, әрі қанағаттандыруға жатпайды деп санады. Өз пікірінде жауапкер өз міндеттерін орындағанын айтып өтті. 2024 жылғы қарашада «Қазгидромет» Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалының ауа райы болжамына сәйкес, Зайсан қаласында қар алғаш рет 11 қараша 2024 жылы жауғанын, сол күні шарттың қазынашылықта тіркелмегеніне қарамастан міндетіне кірісіп, дәлел ретінде ИП «Темирлан» техникаларын пайдалана отырып, көшелерді қардан тазарту бойынша жұмыстар атқарылғанын көрсетті. 2024 жылғы қарашада «Қазгидромет» Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалының ауа райы болжамына сәйкес, Зайсан қаласында қар алғаш рет 11 қарашада, содан кейін 19 және 21 қарашада жауған, қар жауған көшелерді жауапкер бірден тазартқан. Өз міндеттерін орындауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 20.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Ибраева Н. Е., 24.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот отырысында талап қоюшы өкілі жауапкердің шартының міндеттерін бұзып, жағымсыз салдар келтіргенін және үш адам дене жарақатын алып, осы бойынша резонанс жағдай болған түсіндірді. Сол себепті жауапкердің қарсы талабын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкерлердің өкілдері қарсы пікірде көрсетілген уәждерін қолдай отырып, талап қоюшының талап қоюын қанағаттандырусыз қалдыруды, ал жауапкердің қарсы талабын қанағаттандыруды сұрады.

Куәгер ИП «Темирлан» Исханов Н.Т. сотқа Зайсан қаласында жауапкердің сұрауы бойынша 1 күн қар тазалағанын және қаланың барлық көшелерін тазалаған сотқа түсіндірді. Жауапкермен келісім шартқа қол қоймағанын, жазбаша келісім шарт жасалмағанын, атқарған жұмысы үшін оған 500 000 мың теңге бергенін қоса түсіндірді.

Прокурор мемлекеттік сотып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандыруды, ал жауапкердің қарсы талап қоюын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Негізгі талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 271, 272-баптарына сай міндеттемелер осы Кодекстің 7-бабында көрсетілген шарттан, зиян келтіруден немесе өзге де негіздерден пайда болады.

Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 12 бабының 4 тармағының 5 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Іс құжаттарын талқылау мен оларды сот отырысында зерттеу нәтижесі көрсеткендей, талап қоюшы және жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартқа қол қойған.

Мемлекеттік келісім- шарттың 2.1 тармағына сай, Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

Мемлекеттік келісім- шарттың 2.3 тармағына сай, шарт, сатып алынатын көрсетілетін қызметтер тізбесі (1-қосымша), техникалық ерекшелік (2-қосымша)- осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 20.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Ибраева Н. Е., 24.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Мемлекеттік келісім- шартқа және шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкердің міндеті: Зайсан қаласының көшелерін қардан тазалау (қар түсу фактісі бойынша, түнгі, күндізгі уақытта құбылмалы кесте бойынша жедел жұмысқа кірісу), 3 км қаладан тыс қарды тиеу және шығару, көктайғақ кезінде автомобильдердің және жаяу жүргіншілердің сырғанауын болдырмау үшін жол қиылыстарын құммен себу, мереке және түрлі іс-шаралар кезінде халық көп жиналатын жерлерде қарды тазалау, арнайы техника үшін қол жетпейтін жерлерде қызметкерлерді қардан қолмен тазалауға тарту, соның ішінде жолдарды су бұру жүйелерін тазарту.

2024 жылғы қараша айына орналған «Қазгидромет» ШЖҚ РМК Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалының ауа райы болжамына сәйкес, Зайсан қаласында 2024 жылдың қараша айының 12,13,14 күндері қар жауып, тайғақ болған, 21 қарашакүні- жаңбыр, тайғақ, 22 қарашакүні- қар жауып тайғақ, 23 қарашакүні қар жауған.

Істі қарау барысында дара кәсіпкер Д.О. Тусыповтың шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны анықталды.

Жауапкер өз дәлелдемесі ретінде ИП «Темирлан» мен жасалған шартты сотқа ұсынды.

Алайда куәгер ИП «Темирлан» Т.Н. Исхановтың түсініктемесі бойынша ол жауапкер Д.О. Тусыповпен шарт жасалмағаны, және шартқа қол қоймағаны анықталды.

Сот анықтағандай, 2024 жылы қарашаның 12 күні талап қоюшы мен «SaurConstrukt» ЖШС-гі арасында жасалған мемарандумға сәйкес қала көшелерін қардан тазалау, құм себу жұмыстарын өз қаражаты есебінде қала халқына бизнестік, әлеуметтік қолдау көрсету барысында «SaurConstrukt» ЖШС-гі жұмыс атқарған.

Осыған орай, жауапкер жоғарыда көрсетілген келісім-шарт бойынша өзіне тиесілі міндеттемені орындамағаны анықталды, орындағаны туралы жазбаша дәлелдемелер сотқа ұсынылмады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 сәуір 5 Нормативтік қаулысына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастырудың негіздемелері Заңның 11-бабының 4-тармағымен белгіленген, осы тізілім түпкілікті болып табылады және кеңінен түсіндіруге жатпайды. Мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін АПК-нің 6-бабының 5-бөлігіне сай негізге ала отырып, АК-нің 359-бабына сәйкес, өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет. Шарт тарабына шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 20.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Ибраева Н. Е., 24.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

дәрежеде айрылып қалатын шығын келтіруді жағымсыз салдар ретінде түсіну керек (АК-нің 401-бабының 2-бөлігі). Сотта жауапкердің шарттық міндеттемелерді толық орындамаған, Тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болуы және іс-әрекетімен талап қоюшыға жағымсыз салдар туындағаны анықталды.

АПК-нің 73- бабының 1-бөлігіне сәйкес, тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Жоғары аталған мән-жайларды негізге алып, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алулың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117- бабына сейкес, жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 846 теңге өндірілуі керек.

Қарсы талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 359-бабының 1,2 бөліктеріне сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

АК-нің 630-бабының 1-тармағына сәйкес, Тапсырысшы мердігерлік шартта көзделген мерзімде және тәртіппен орындалған жұмыстың нәтижесін мердігердің қатысуымен қарауға және қабылдауға, ал шарттан жұмысты нашарлататын ауытқулар немесе жұмыста өзге де кемшіліктер анықталған жағдайда бұл туралы мердігерге дереу мәлімдеуге міндетті.

АК-тің 632-бабының 1-тармағына сәйкес, Мердігер орындаған жұмыс шарт ережелеріне, ал олар болмаған немесе толық болмаған жағдайда - әдетте тиісті тектес жұмысқа қойылатын талаптарға сай болуы тиіс. АК-тің 663-бабының 4-тармағына сәйкес, Мердігердің жұмыс нәтижелерін тапсыруы және тапсырысшының оны қабылдауы екі тарап, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда - мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері де қол қойған актімен ресімделеді. Тараптардың бірі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл туралы белгі қойылып, актіге екінші тарап қол қояды. Жұмыс нәтижелерін бір жақты тапсыру немесе қабылдау актісін актіге қол қоюдан бас тарту себептерін сот негізсіз деп таныған жағдайда ғана сот жарамды деп тануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (әрі қарай - Қағидалар) 546-тармағына сәйкес тапсырыс беруші веб-порталда өнім берушінің тауарды иелену құжаттарын қабылдау-тапсыру актісін, қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүккұжатты, тауарды қабылдап алу-тапсыру актісін, жұмыстарды орындау,

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 20.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Ибраева Н. Е., 24.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қызметтерді көрсету актісін ресімдеуі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей актіде шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қабылдаудан бас тартады.

Талап қоюшы 25 қараша 2024 жылы электрондық портал бойынша 1 200 000 теңге сомасында орындалған жұмыстар актісі жауапкерге кері қайтарған. Заң және Шарт талаптарына сәйкес Шарт веб-портал арқылы біржақты бұзу туралы Талап қоюшыға хабарлама беріліп, шарт бұзылған.

Жауапкердің келесі дәлелдемелері - «Темирлан» дара кәсіпкермен жасалған келісім шарт, жүргізүшілеріне жалақы ретінде АҚ «JUSAN Bank» арқылы аударылған 399 990 теңге және жанар-жағармайға төленген 100 500 теңгенің түбіртектері сотпен қабылданбады. Себебі куәгердің түсініктемесі бойынша ол жауапкермен шарт жасамаған.

Шарттың негіздері бойынша міндеттерді орындау тек жауапкер Д.О. Тусыповқа жүктелген.

Және шарттың 13.4 бөлігі бойынша бір Тараптың міндеттемелерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі. Алайда талап қоюшының міндеттерді басқа тұлғаның орындайтыны туралы келісім бермегені анықталды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43 - бабының 23 – тармағына сай тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Шарттың 6.1 бөлігіне сәйкес жұмыс орындалды деп саналады егер Орындаушының Жұмыстарды осы Шартта қосымшаларда көрсетілген алаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

Сот анықтағандау жауапкердің жұмысты атқарғаны еш құжаттармен дәлелденбеген, сол себепті, сот қарсы талапты қанағаттандыруға негіз жоқ деп есептейді.

Жоғарыда анықталғандардың негізінде, жауапкердің орындаған жұмыстар актісіне қол қою және шығындарды өтеу туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатпайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «ШҚО Зайсан ауданы «Зайсан қала әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер Тусыпов Дулат

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 20.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Ибраева Н. Е., 24.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Оралхановичке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы- қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Тусыпов Дулат Оралхановичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Тусыпов Дулат Оралхановичтен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) тенге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер дара кәсіпкер Тусыпов Дулат Оралхановичтің «ШҚО Зайсан ауданы «Зайсан қала әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне орындаған жұмыстар актісіне қол қою және шығындарды өтеу туралы қарсы талап қоюы -қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы жақтар және (немесе) прокурор шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 20.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Ибраева Н. Е., 24.04.2025